

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 " " 2022 ж.



Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В048 – Еңбек дағдылары

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	№	Оқыту мақсаты
01	Экономикалық теорияға кіріспе	01	Экономикалық теорияның пәні мен әдісі. Қоғамдық өндіріс негіздері	01	1. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері туралы ұғымды біледі. 2. Қоғамдық өндірістің қоғам өміріндегі маңызын түсінеді. 3. Өндірістің жаңартылатын және жаңартылмайтын ресурстарын ажырата алады.
		02	Меншік және элеуметтік-экономикалық қатынастар. Экономикалық жүйелердің негізгі түрлері	02	1. Меншік туралы ұғымды, оның қоғам өміріндегі рөлін біледі. 2. Экономикалық жүйелердің мағынасын, олардың жіктелуін түсінеді. 3. Белгілі бір экономикалық жүйеде әр түрлі меншік нысандарының маңыздылығын түсінеді.
02	Нарықтық экономиканың жалпы сипаттамасы	03	Тауар шаруашылығы: мәні, пайда болу принциптері, мәселелері. Өнім және оның қасиеттері	03	1. Тауар шаруашылығы туралы ұғымды, оның даму тарихын біледі. 2. Тауар өндірісінің экономикадағы маңызын түсінеді. 3. Тауар өндірісінің жалпы құрылымындағы тауардың қасиеттерін біледі.

		04	Нарықтық экономика және оның ерекшеліктері (Нарықтық экономиканың негізгі белгілері)	04	1. Нарықтық экономика, оның негізгі сипаттамалары туралы ұғымды біледі. 2. Қоғамның дамуы үшін нарықтық экономиканың даму маңызын түсінеді. 3. Қазақстанның нарықтық экономикасына тән белгілер мен сипатты ажырата алады.
03	Микроэкономика	05	Сұраныс және ұсыныс теориясының негіздері. Нарықтық сұраныс және икемділік	05	1. Сұраныс пен ұсыныс туралы ұғымды біледі. 2. Сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін бағалық және бағалық емес факторларды түсінеді 3. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін болжай алады
		06	Тұтынушыларды таңдау теориясы	06	1. Тұтынушылық таңдау теориясы туралы ұғымды біледі. 2. Тұтынушылық таңдаудың қалыптасуына әсер ететін факторлардың маңыздылығын түсінеді.
		07	Өндірістік функциялар. Өндіріс шығындары	07	1. Өндірістік функциялар туралы ұғымды, олардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіндегі рөлін біледі. 2. Өндіріс шығындарын есепке алудың мәнін түсінеді. 3. Өндіріс шығындарын азайту бойынша ұсыныстар жасай алады.
		08	Қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдегі мінсіз бәсекелестік нарығы	08	1. Жетілген бәсекелестік нарығы туралы ұғымды біледі. 2. Қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдегі факторлар мен жағдайлардың әсерін түсінеді 3. Жетілген бәсекелестік нарықтарын бәсекеге қабілетсіз нарықтардан ажырата алады.
		09	Бәсекеге қабілетсіз нарықтар. Монополистік бәсекелестік. Аз адамдар арасындағы бәсекелестік	09	1. Бәсекеге қабілетсіз нарықтар туралы ұғымды біледі. 2. Монополистік бәсекелестіктің, экономикадағы аздаған адамдар арасындағы бәсекелестіктің маңыздылығын түсінеді. 3. Бар белгілері мен сипаттамалары бойынша бәсекелестік түрлерін ажырата алады.

		10	Өндіріс факторларының нарығы	10	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндіріс факторларының нарығы туралы ұғымды біледі. 2. Өндіріс нарықтарының қоғам өміріндегі маңызын түсінеді 3. Өндіріс факторларының нарықтарын олардың жалпы құрылымында ажырата алады.
04	Макроэкономика	11	Ұлттық экономика: негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер	11	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық экономика туралы ұғымды біледі. 2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің мәнін түсінеді. 3. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеру серпінін талдай алады.
		12	Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс	12	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс туралы ұғымды біледі. 2. Жиынтық көрсеткіштердің қалыптасу мәнін түсінеді. 3. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өзгеруіне әсер ететін факторларды ажырата алады.
		13	Макроэкономикалық тепе-теңдік	13	<ol style="list-style-type: none"> 1. Макроэкономикалық тепе-теңдік туралы ұғымды біледі. 2. Ел экономикасын тұрақтандырудағы Макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәнін түсінеді. 3. Ел экономикасындағы Макроэкономикалық тепе-теңдікті тудыратын себептердің түрлерін ажырата алады.
		14	Салық-бюджет (фискалдық) саясаты	14	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттің салық-бюджет (фискалдық) саясаты туралы ұғымды біледі. 2. Салық-бюджет (фискалдық) саясатын жүргізудің мәнін түсінеді. 3. Қазақстан Республикасының жүргізіліп жатқан салық-бюджет (фискалдық) саясатының құралдарын ажырата алады.
		15	Ақша. Ақша айналымы, ақша-кредит саясаты	15	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ақша ұғымын экономикалық категория ретінде біледі. 2. Ақша айналысының қоғам өміріндегі маңызын түсінеді. 3. Ақша-кредит саясатының құралдарын ажырата біледі.

		16	Жұмыспен қамту және экономикалық өсу	16	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі жұмыспен қамту туралы ұғымды біледі. 2. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты ретінде экономикалық өсудің маңыздылығын түсінеді. 3. Жұмыспен қамтудың өсуіне және елдің экономикалық өсуіне әсер ететін факторларды ажырата алады.
		17	Бағалы қағаздар нарығы	17	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бағалы қағаздар нарығы туралы ұғымды біледі. 2. Қаржы қатынастары жүйесіндегі бағалы қағаздар нарығының маңызын түсінеді. 3. Эмитенттер шығаратын бағалы қағаздардың түрлерін ажырата алады.
05	Экономикалық теорияның халықаралық аспектілері (жақтары)	18	Халықаралық еңбек бөлінісі. Халықаралық сауда	18	<ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық еңбек бөлінісі және халықаралық сауда туралы ұғымды біледі. 2. Әлемдік экономикалық саясаттағы Халықаралық еңбек бөлінісі мен халықаралық сауданың маңыздылығын түсінеді. 3. Халықаралық еңбек бөлінісі мен халықаралық саудаға әсер ететін факторларды ажырата алады.
		19	Дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі экономикалық қатынастар және оларды реттеу	19	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлемдік шаруашылық жүйесіндегі экономикалық қатынастар туралы ұғымды біледі. 2. Дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі экономикалық қатынастардың маңызын түсінеді. 3. Дүниежүзілік шаруашылық экономикасын реттеу құралдарының түрлерін ажырата біледі.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Бекмолдин С.Қ., Мәуленова С.С., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория; Оқулық. - Алматы, 2011

2. Есенғалиева Қ.С. Экономика негіздері: лекциялар, есептер мен жаттығулар, тест сұрақтары, ойлану сұрақтары: Оқу құралы. - Алматы, 2011

3. Жолдасова Г. Экономика негіздері: Оқу құралы. 3 басылым, стереотип. – Астана: Фолиант, 2017. – 224 б.

4. Темирбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2011

5. Ходжаниязова Ж.Т. Нарықтық экономика негіздері: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің
төрағасы

Байгабелов А.

(қолы)

« ___ »

2022 ж.

